

"1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 20 қаңтардағы N 86. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен. ~P020397

"1996 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 3299 U963299_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске

алу жылын өткізу жөніндегі комиссия қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған, 1997 жылға арналған жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөніндегі негізгі шаралар жоспары мақұлдансын және Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынылсын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері осы секілді комиссиялар құрсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жыл 20 қаңтардағы
N 86 қаулысына
қосымша

Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын
еске алу жылын өткізу жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ

Кекілбаев Ә.К. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
хатшысы, комиссия төрағасы (келісім
бойынша)

- Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
- Ким Г.В. - Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, комиссия хатшысы
- Алексий (Кутепов А.Н.) - Алматы және Семей Архиепископы (келісім бойынша)
- Әнесов Ғ.К. - "Арыс" қуғын-сүргінге ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұраларын зерделеу қорының президенті (келісім бойынша)
- Атрушкевич П.А. - Қазақстан халықтарының ассамблеясы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
- Бижанов А.Қ. - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
- Гаркавец А.Н. - Украин мәдени орталығының төрағасы (келісім бойынша)
- Жолдасбеков Ө.А. - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
- Жұманбеков Д.М. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
- Дедерер А.Ф. - Қазақстан немістері кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
- Досмұхамбетов Т.Н. - Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрі
- Дымов О.Г. - Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары - Қазақстан халықтары ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі (келісім бойынша)
- Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасының Білім министрі
- Қасымов С.А. - Парламент Сенатының депутаты (келісім бойынша)

- Қозыбаев М.Қ. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы
Тарих және этнология институтының директоры, "Әділет" республикалық қоғамының төрағасы
- Колпаков К.А. - Қазақстан Республикасының Әділет министрі
- Мамашев Т.А. - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі
- Мұхамеджанов О.Б. - Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі
- Найманбаев Қ.Н. - Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
- Рәтбек қажы - Мұсылмандардың дін басқармасының
Нысанбайұлы мүфтийі (келісім бойынша)
- Сағдиев М.Р. - Қазақстан Республикасының ардагерлері Орталық Кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
- Сәрсеков Б.С. - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы (келісім бойынша)
- Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің төрағасы (келісім бойынша)
- Сүлейменов Қ.Ш. - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
- Тәжин М.М. - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары (келісім бойынша)
- Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті
- Шуткин С.И. - Қазақстан Республикасының Бас прокуроры (келісім бойынша)
- Цыбин Б.К. - Орыс одағының төрағасы (келісім бойынша)
- Цхай Ю.А. - Корей мәдени орталығы қауымдастығының

президенті (келісім бойынша)
Яндаров А.Д. - "Вайнах" шешен және ингуш халықтарының
мәдени даму қауымдастығының президенті
(келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 20 қаңтардағы
N 86 қаулысымен
мақұлданған

1997 жылға арналған Жалпыұлттық татулық пен саяси
қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөніндегі
негізгі шаралардың

ЖОСПАРЫ

1. "1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін
құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығын министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен
өзге де орталық атқарушы органдарда, барлық деңгейдегі әкімдер
аппараттарында, ұлттық-мәдени орталықтарда, қоғамдық бірлестіктерде
насихаттау мен түсіндіруді ұйымдастыру, оны жүзеге асыру жөніндегі
нақты шараларды белгілеу.

Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат
бөлімі, Ұйымдастыру-бақылау бөлімі,
Талдау және стратегиялық зерттеулер
орталығы, Үкімет Аппаратының Аумақтық
даму бөлімі, министрліктердің,
Мемкомитеттердің, өзге де орталық
атқарушы органдардың басшылары, облыстар
мен Алматы қаласының әкімдері

1997 жылдың 20 қаңтарына дейін

2. Жалпыұлттық татулық пен тұрақтылықты нығайту мақсатында
облыстар мен Алматы қаласының әкімдері жанынан (тұрақты негізде)
саяси партиялар мен қозғалыстардың, ұлттық-мәдени орталықтардың, діни
конфессиялардың өкілдерінен "дөңгелек столдар" ұйымдастыру.

облыстар мен Алматы қаласының әкімдері

1997 жылдың 1 тоқсаны

3. Балама экономикалық бағдарламаларды қарау үшін экономика
министрлігінің жұмыс органы етіп белгілеп, комиссия құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Аппараты, Экономмині

1997 жылдың 1 тоқсаны

4. Бұқаралық ақпарат құралдарында айдарлар ашу және ғалымдардың, жазушылардың, мемлекеттік қайраткерлерінің, партиялар, қозғалыстар, ұлттық мәдени бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған телерадио хабарлар циклын жүргізуді ұйымдастыру.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттік
Президент Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі
жыл ішінде

5. Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған бірыңғай эмблеманы әзірлеу.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттік
1997 жылдың 15 ақпанына дейін

6. "Ұлттық татулық, халықтың тарихи жады мен мәдениеті туралы" күн тәртібімен Қазақстан халықтары ассамблеясының 4-ші сессиясын өткізу

Қазақстан халықтарының ассамблеясы,
Ұлтмемкомы, Мәдениетмині
1997 жылдың мамыры

7. Ақмола қаласында Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған Қазақстан халықтарының II форумын өткізу.

Қазақстан халықтарының ассамблеясы,
Ұлтмемкомы, Мәдениетмині
1997 жылдың желтоқсаны

8. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының Зерде кітабының бірінші томын құрастыру және басып шығару.

Ұлттық ғылым академиясының Тарих және
этнология институты, "Әділет" республикалық
қоғамы, Баспасөз және бұқаралық ақпарат
істері жөніндегі ұлттық агенттік
1997 жылдың ІҮ тоқсаны

9. Саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген орындар мен оларға қойылған ескерткіштерді тиісті жағдайға келтіру.

облыстардың, Алматы қаласының әкімдері
1997 жылдың 1 шілдесіне дейін

10. Ақмола қаласында тоталитаризм құрбандарына ескерткіш орнату.

Ақмола облысының әкімі,
Мәдениетмині,
Қаржымині

1997 жылдың қазаны

11. Қазақстанда жаппай қуғын-сүргінге және жер аударуға ұшыраған халықтарға арналған кітаптар сериясын дайындау және жарыққа шығару.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттік, Президент
Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі,
ғылыммині - Ғылым академиясы, шығармашылық
одақтар, "Әділет" республикалық қоғамы,
"Арыс" қуғын-сүргінге ұшыраған Қазақстан
зиялыларының мұраларын зерделеу қоры,
Республикалық ұлттық-мәдени орталықтар,
Ұлтмемкомы

1997 жылдың ІҮ тоқсаны

12. Жазушылардың, ақындардың, драматургтардың, журналистер мен сазгерлер арасында жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған үздік шығармаларға конкурс өткізу.

Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-
сүргін құрбандарын еске алу жылын
өткізу жөніндегі республикалық комиссия,
Мәдениетмині, шығармашылық одақтар

1997 жылдың ІҮ тоқсаны

13. Қазақстандағы жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған екі бейнефильм түсіру (көлемі - 30 мин. дейін).

Президент Әкімшілігінің талдау және
стратегиялық зерттеулер орталығы,
Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттік, "Қазақстан
теледидары мен радиосы" республикалық
корпорациясы, "Хабар" агенттігі"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны,
Қазақстан Республикасының Үкіметі

1997 жылдың ІІІ тоқсаны

14. Республикалық ғылыми-практикалық конференциялар өткізу:

"Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіндер";

"Қазақстан Республикасының жалпыұлттық
татулықты қалыптастыру жөніндегі

тәжірибесі"

Ғылыммині - Ғылым академиясы,
Біліммині
жыл ішінде

15. Барлық облыстарда жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған республикалық фестивальдар өткізу.

Мәдениетмині, Қазақстан халықтарының
Ассамблеясы, Ұлттық-мәдени орталықтар,
Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени
даму бөлімі
жыл ішінде

16. Қазақстан Республикасының Парламентіне:

"Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы".

Әділетмині, Ұлтмемкомы, Қазақстан
халықтарының ассамблеясы
1997 жылдың I тоқсаны

"Қазақстан Республикасының ішкі қауіпсіздігі туралы" заңдардың
жобаларын енгізу

Ішкіісмині, Әділетмині, ҰҚК
1997 жылдың I тоқсаны

17. Қазақстан Республикасында тілдерді дамытудың мемлекеттік
бағдарламасының жобасын әзірлеу және Үкіметтің қарауына енгізу.

Ұлтмемкомы
1997 жылдың I тоқсаны

18. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін жариялау
туралы келісілген ұсыныс әзірлеу және оны Қазақстан Республикасы
Президентінің қарауына енгізу.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы,
Ұлтмемкомы, Әділетмині
1997 жылдың I тоқсаны

19. "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын тексеру жөніндегі жұмысты
ұйымдастыру.

облыстар мен Алматы қаласының
әкімдері, Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы, Еңбек және
әлеуметмині, Президент Әкімшілігінің

Ұйымдастыру-бақылау бөлімі, Үкімет
Аппаратының аумақтық даму бөлімі
1997 жылдың 1 маусымына дейін

20. Халық спортының алғашқы ашық ойындарын өткізу.

Жастурспортмині, Алматы қаласының
әкімі, Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-
мәдени даму бөлімі

1997 жылдың қазаны

21. Жалпы білім беретін мектептердің 1-9 кластарында "1997 жыл -
Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы"
тақырыбына арналған ашық сабақтар:

10-11 кластар мен кәсіптік-техникалық мектептерде - осы секілді
тақырыпқа шығармалар конкурсын;

жоғары және орта арнаулы оқу орындарында - осы тақырыпқа ашық
сабақтар өткізу.

Біліммині, облыстар мен Алматы
қаласының әкімдері, Үкімет Аппаратының
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі

1997 жылдың II тоқсаны

22. Кітапханаларда, мұражайларда, кинотеатрларда Жалпыұлттық
татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған
көрмелер, экспозициялар, бейнефильмдер көрсетуді ұйымдастыру.

Мәдениетмині, облыстар мен Алматы
қаласының әкімдері
жыл ішінде

23. Жалпыұлттық татулықты қамтамасыз ету, қоғамдық-саяси
тұрақтылықты нығайту, жеке адам мен мемлекеттің арасындағы
қарым-қатынастарға ізгі сипат беру ісінде ерекше көзге түскен
республика азаматтарын мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну
жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

облыстар мен Алматы қаласының
әкімдері, министрліктердің,
мемкомитеттердің, республиканың
өзге де атқарушы органдарының
басшылары, Президент Әкімшілігінің
Ішкі саясат бөлімі

Тәуелсіздік күніне

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК